МӘМС ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ТҮЗЕЛЕДІ?

6-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



«КОРИФЕЙДІҢ» КӨТЕРГЕН ЖҮГІ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ассамблея барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыхалықтық орган ретінде жұмыс істеуі керек. Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Біз болашақта да осы бағытта нақты шаралар қабылдаймыз.

№48
(4792)
Сенбі
26 сәуір
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ОТАНШЫЛДЫҚ – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысумен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясы өтті. Биылғы сессияның тақырыбы – «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл». Жиынға 1600-ден аса делегат қатысты. Олардың қатарында депутаттар, өңірлерден келген ассамблея мүшелері, этномәдени және діни бірлестіктердің өкілдері бар. Ел Президенті сессияда сөз сөйледі. ҚХА-ның 30 жылдық мерейтойы аясында Президент Жарлығымен халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградамен марапатталды.

26-27 СӘУІР
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ
Іс-шара сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін «Рио-де-Жанейро» ТК (Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23) және Сарыарқа ауданында, Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12 А мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді.

Елордада 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына және Отан қорғаушылар күніне арналған шеруге дайындық қызу жүріп жатыр.

Кеше Астана аспанында ұшақтардың дайындығы өтті. Шеру күні жақындаған сайын мұндай жаттығулар жиі өтетін болады.

«2025 жылғы 22 сәуір мен 7 мамыр аралығында әскери авиацияның жаттығу ұшуларын жүргізу үшін Астана қаласында әуе кеңістігін пайдалануға қысқа мерзімді шектеулер қойылады. Осыған байланысты әуе рейстерінің кестесіне де өзгерістер енгізілуі мүмкін. Біз азаматтарға рейстер туралы ақпаратты алдын ала нақтылауды ұсынамыз» делінген Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі хабарламасында.



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Астанада мерекелік акция ұйымдастырылып, оның аясында жұртшылыққа бауырсақ таратылатын болады.

Бірлік күніне орай елордада көптеген мерекелік іс-шаралар, атап айтқанда, көрмелер мен концерттер, театрландырылған қойылымдар мен спорт жарыстары өтеді.



Қазақстан мұсылмандары діни бірлестігі қажылық квоталарына биыл конкурстық негізде 15 туроператорға жалпы саны 4500 қажылық орын бөлінген.

Жоспар бойынша, қазақстандықтар 24-31 мамыр аралығында қасиетті сапарға аттанып, 10-15 маусымда елге оралады.

№48 (4792) 26/04/2025 Сенбі

ОТАНШЫЛДЫҚ – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXIV СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҚАДІРЛІ ОТАНДАСТАР! ҚҰРМЕТТІ АССАМБЛЕЯ МҮШЕЛЕРІ!

Бүгінгі басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршаңызға құтты болсын! Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

Ассамблея тарихы еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астасып жатыр. Ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын білесіздер. Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды.

Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайды.

Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам арасында сындарлы әрі жемісті сұхбат, яғни, диалог орнатуға ықпал етуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр.

Ассамблея сессиясы жыл сайын өтеді. Онда қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс. Сессиялар аралығындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді.

ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Барлық өңірде Достық үйі бар. Онда мыңнан астам этномәдени бірлестіктер орналасқан. Сондай-ақ облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемелері құрылды. Ассамблея құрылымында төрт мыңнан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты – бір, бұл – азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізуде.

Бүгін әріптесіміз Ахмед Мурадов және басқа да Ассамблея мүшелері ҚХА ардагерлерінің «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысатынын айтты. Мұндай жұмыстар ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның әлеуетін кеңінен қолдануға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

«Ассамблея жастары» ұйымы мен оның құрамындағы Студенттік Ассамблея, Жас ғалымдар клубы, «Жаңа толқын» жобасы сияқты құрылымдар мыңдаған жастарымыз үшін нағыз бірлік пен ынтымақ, отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік мектебіне айналды. Осы қозғалыстардың әрқайсысы елімізде жаңа қоғамдық этиканы орнықтырып, «Адал азамат» қағидатын насихаттауға елеулі үлес қосып жатыр.

Этносаралық түсіністі нығайтуға бағытталған ҚХА-ның этномедиация институтына тоқталғым келеді. Соңғы уақытта Ассамблея қызметіндегі сарапшылық құрамның сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Ғылыми-сарапшылар кеңесі мен 42 Ассамблея кафедрасы ұлт құрылымы мен этносаралық қарым-қатынастар үдерісін зерттейтін 360-тан астам сарапшыны біріктіріп отыр. ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақ мерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде Ассамблея барлық өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты.

Былтыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы, ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат.

Ассамблея қоғамда кәсібилік және еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге белсене атсалысып келеді. Александр Папп Ассамблеяның Жұмысшы мамандықтары жылын өткізуге белсене кіріскенін атап өтті. Өткен жылы Еңбек күнінде Сенат пен мәслихат депутаттары Ассамблея мүшелерімен бірге еліміздің ірі кәсіпорындарына барып, өндіріс ардагерлеріне құрмет көрсетті. Бұл бастаманы Еңбек күнін атап өтудің жаңа дәстүрі ретінде биыл да жалғастыруға болады. Осылайша, Ассамблея бүгінде қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған қуатты тармақтары бар институтқа айналды. Жер жүзінде мұндай бірегей ұйым құра білген мемлекет кемде-кем. Ассамблеяның арқасында еліміздегі барлық этностар Қазақстандағы оң өзгерістердің бел ортасында жүр.

Қазақстанның Еңбек Ерлері Георгий Прокоп, Владимир Розметов, Юрий Пя, Иван Сауэр, Борис Князев, Алина Соловьёва, Вадим Басин, Александр Хмелёв, Геннадий Зенченко және басқа да тұлғаларды азаматтық жауапкершілік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі деп айтуға болады. Олар – бүгінгі заманның адал азаматтары, Қазақстанның дамуына мол үлес қосқан тұлғалар. Ассамблеяны жанашыр әрі белсенді азаматтардың жолын ашатын шынайы саясат мектебі және тиімді әлеуметтік баспалдақ деуге болады.

Этномәдени бірлестіктерде, Ассамблеяның түрлі құрылымдарында өте білікті мамандар еңбек етуде. Мен жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал қызмет етіп жүрген Ассамблеяның барлық белсенді азаматтарына шынайы алғысымды айтамын. Туған жерге пайдамды тигізсем деген алғаусыз ниетті өмірінің мәніне айналдырған олар нағыз отаншылдық пен адал азаматтың үлгісін көрсетті.

Ассамблея Төрағасының қоғамдық орынбасарлары ретінде жыл бойы лайықты еңбек еткен Лугмар Харкиевич Буларов пен Юрий Германович Шинге ризашылығымды білдіремін. Ассамблея Төрағасының орынбасарлары болып жаңадан тағайындалған Дмитрий Валерьевич Останькович пен Расул Сурмалиевич Ахметов – қоғам құрметтейтін абыройлы азаматтар. Олардың білімі мен білігі Ассамблеяға үлкен пайдасын тигізеді деп сенемін.

Әр жылдары елімізде түрлі диалог алаңдары мен қоғамдық органдар құрылды. Алайда бүгінгі мерейтойлық жиында Ассамблеяның қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналғанын және алдағы уақытта да солай болып қала беретінін атап өткім келеді. Ассамблея – мемлекеттігімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Бұл – Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес деген сөз. Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз. Мұны Ассамблея мүшелері терең сезінеді деп ойлаймын. Ассамблея барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыхалықтық орган ретінде жұмыс істеуі керек. Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Біз болашақта да осы бағытта нақты шаралар қабылдаймыз. Мен 2022 жылы Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасын бекіттім. Оның мерзімі де аяқталып келеді. Сондықтан жаңа құжатты дайындау жұмысына қазірден бастап кірісу керек, яғни, 2026-2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау қажет. Тұжырымдаманың жобасында қоғамды ұйыстырып, үйлесімді дамуға жол ашатын жаңа әдіс-тәсілдер көрініс табуы керек. Сондай-ақ Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностардың құқықтарын қорғауға арналған негізгі қағидаттар көрсетілуге тиіс.

Үкімет этносаралық саладағы республикалық және өңірлік жұмыс жоспарының барлығын жаңжақты сараптап, оның тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныс енгізуі қажет. Жалпы, ұлт бірлігін нығайтуда барлық мемлекеттік және қоғамдық механизмдерді жетілдіруді жалғастыру керек.

Енді бірқатар маңызды міндеттерге қысқаша тоқталайын. Біріншіден, Ассамблея аймақтардағы жұмысты жандандыруы керек. Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа Достық үйі ашылды. Енді осындай Достық үйін халық тығыз қоныстанған Алматы облысында салу қажет. Бұл ғимарат аймақтың қоғамдық өмірі үшін өте маңызды орталық болмақ. Түрлі этнос өкілдері тұратын Қордай, Үйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда Ассамблея ашу керек. Сонымен қатар Достық үйлері тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарланып отыр. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек. Барлық аймақтағы Достық үйлерін өз азаматтарымыз да, қажет болып жатса, шетелдік қонақтар да баратын туристік бағыттар картасына енгізген жөн. Құзырлы орган басшылары мен әкімдер Ассамблеяның этномедиация саласындағы жұмысына жан-жақты қолдау көрсетуге тиіс. «Елдесу және татуласу» жобасының ауқымын кеңейтіп, оны алдағы екі жылда бүкіл елге тарату қажет. Үкімет пен әкімдер Ассамблеяның басқа да жобаларын қоғамдық-саяси жұмыс жоспарларына қосып, нақты шаралар қабылдауы керек.

Екіншіден, ақпараттық кеңістікте бірлік пен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу маңызды. Бұл – Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе, журналистер клубына қатысты кезек күттірмейтін міндет. Салалық министрлік, өңір әкімдері ҚХА журналистер клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек. Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн.

Үшіншіден, «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін толық пайдаланған дұрыс. Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов және басқа да тұлғалардың музейлері – Қазақстан мәдениетінің баға жетпес қазынасын толықтырып тұр. Бұл музейлерді көпшілікке таныту үшін экспозицияларын Астана мен Алматыда және басқа да қалаларда ұйымдастыру маңызды. Кейбір этномәдени бірлестіктер бірегей өнер және этнографиялық жеке коллекцияларды жинады. Бұл да еліміздің мәдени мұрасына айналуға тиіс.

Қазақстанда 9 орыс драма театры табысты жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ ерекше төрт этнос театры, яғни, ұйғыр, корей, өзбек және неміс театрлары көрерменнің көзайымы болып жүр. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Алматыда бәрінің басын қосып, Қазақстан этностары театр өнерінің фестивалін өткізсек болады. Халық көп келеді деп ойлаймын. Наталья Дубс ханым театр мен мәдениет саласына техникалық мамандарды даярлау мәселесін орынды көтеріп отыр. Бұл бастаманы зерттеп, оны жүзеге асыруға көмектесу қажет.

Соңғы жылдары еліміздің саяси-идеологиялық келбеті түбегейлі өзгерді. Экономикада жүйелі реформалар қолға алынды. Ең бастысы, қоғамның сана-сезімі өзгере бастады. Соңғы жылдары саяси оқиғаларға баға беру тұрғысынан халқымыздың көзқарасы да жаңа сипатқа ие болды. Алға қарай адымдап қадам басты деуге болады. Біз заманауи және алдыңғы қатарлы қоғамға айналдық. Мұның бәрі біздегі қоғамдық келісім үлгісіне де тың талаптар қояды. Кеше ғана тиімді саналған әдіс-тәсілдер бүгін жарамсыз болуы мүмкін.

Бізге ескіліктің ізіне қайта түспеу үшін барлық жетістіктеріміз бен сәтсіздіктерімізді таразы басына қойып, зерделеу қажет. Ең әуелі, Ассамблея қызметінің мәні мен мазмұнын қайта қараған жөн. Менің түсінігімде Ассамблея мемлекеттің этносаралық саладағы барлық жұмысына бағыт беретін стратегиялық штабқа айналуы керек.

Аталған нақты міндеттерді жүзеге асыру ұлтаралық қарым-қатынас сияқты маңызды әрі нәзік салада, жалпы идеология бағытында атқарылып жатқан ауқымды істерді жаңа мазмұнмен толықтыратынына сенімдімін. Ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі және солай болып қала береді. Қазақстанда келісім, төзімділік, достық ұғымдары құр ұран емес, азаматтардың күнделікті өмір салтына айналған құндылық. Ауқымды қақтығыстар, сауда соғыстары, адам өмірінің құнсыздануы кезеңінде бейбітшіліктің қадірі ерекше арта түсті. Өйткені, бұл – дамудың басты кепілі. Барлығымыз қал-қадірімізше бейбітшілікті сақтауға атсалысамыз. Мен бұған дейін барлық әкімдерге тұрақты түрде этносаралық, ұлтаралық келісім мәселесіне арналған жиналыс өткізіп тұруды тапсырдым. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы маңызды саланы жіті назарда ұстауы керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынас мәселесін ешқашан саясат немесе түрлі арандату құралына айналдыруға болмайды. Бұл – мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да бұлжымас қағидасы.

Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ. Осы стратегияның арқасында түрлі этнос өкілдері бір шаңырақтың астында бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл – мағынасы терең нақты жетістік. Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік – Қазақстан

халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар. Қазақ жерінде тұрып жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыта алады. Оған қажетті барлық жағдай жасалған. Біз біреуге еліктеп, жан-жағымызға жалтақтаған емеспіз. Ең бастысы, ұлтаралық қатынастар саласында озық әдіс-тәсілдерді қолданып, тек алға қарай жүрдік, болашақта да солай болу керек.

Соның арқасында біздің елімізде қалыптасқан қоғамдық келісім үлгісі шын мәнінде біздің халықаралық «брендімізге», беткеұстар жетістігімізге айналды. Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген мызғымас қағидаға негізделген. Мемлекет азаматтардың ұлтына, діни нанымына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамай, бәріне бірдей әділ әрі тең жағдай жасайды. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы. Біз популистік асығыс шешімдерден бойымызды аулақ ұстаймыз. Әрқашан нақты жағдайға қарап, байыпты саясатты басшылыққа аламыз. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік тілдің мәртебесін этносаралық қатынас тілі ретінде бекіту мәселесіне тікелей қатысты. Бұл жөнінде журналист Алла Гаврина дұрыс пікір айтты. Меніңше, ол басқа да әріптестерінің атынан өте жақсы ұсыныс білдірді.

Бүгінде түлектердің 80 пайызға жуығы Ұлттық бірыңғай тестілеуді мемлекеттік тілде тапсырады. Биыл алғаш рет мектепке баратын балалардың 70 пайыздан астамы қазақ тілінде оқитын болады. Әрине, елімізде азаматтар бір-бірін немесе мінберде сөйлеп тұрған адамды «мына тілде сөйле» деп мәжбүрлемеуге тиіс. Тіл мәселесін ту етіп қоғамда алауыздық туғызғысы келетін, ел ішіндегі жағдайды шиеленістіруге ұмтылатын әрбір әрекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланады. Бұл ретте үй ішіндегі ғана емес, шетелде отырып әлдебір ұйымдардың ақшасы мен тапсырмасына деструктивті әрекетпен айналысатын арандатушылар туралы да айтып отырмыз.

Былтыр мен Ұлттық құрылтай отырысында бірлік, отаншылдық, тәуелсіздік және келісім мемлекетіміздің негізгі құндылықтары деп атап көрсеттім. Бәрі де осы құндылықтардан басталады. Сондықтан осы жерде тағы да қайталап айтқым келеді: халқымыздың татулығын бұзып, ел ішіне іріткі салғысы келетіндер заңға сәйкес қатаң түрде жауапқа тартылады, тиісті жазасын алады. Ал ынтымақ пен бірлікті нығайтуға үлес қосқан азаматтар әрдайым зор құрметке ие болады.

Күріш пен күрмекті, конструктивті сын мен дәлелсіз мін тағуды, көңілге тимейтін пародия мен жиіркенішті қорлауды айыра білу маңызды. Заң алдында бәрі тең. Сол себепті біз еліміздегі этносаралық келісім мен бейбітшілікке нұқсан келтіретін кез келген арандатудың жолын кесіп келеміз, бұдан әрі де қатаң тосқауыл қоямыз. Өздерін сөз еркіндігінің жақтаушысы ретінде көрсеткісі келетін кейбір құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, блогерлер мен журналистер еліміздегі әр істен саяси, жағымсыз астар іздеп, шын мәнінде, арандатумен айналысып жүргенін айтпасқа болмайды. Бұл – Қазақстаннан көшіп кетіп, шетелде жүріп халқымызға шабуыл жасайтын, тіпті, мемлекеттік органдарды бопсалайтын бұрынғы азаматтарымыздың әрекеті. Олар шет мемлекеттер берген ақшаны ақтауға жұмыс істеп жүр. Бүгінде мұны бәрі біледі. Демократияны біреудің қаржысымен орнатуға болмайды. Еліміздің әл-ауқаты, соның ішінде демократия мен сөз бостандығы үшін шетелде ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздамайды. Оны нақты түсінген жөн.

Жақында шетелдік үкіметтік емес ұйымдардың әрекеттері әшкереленді. Сонда олардың арам ниеті, ашкөздігі мен Қазақстанға жаны ашымайтыны анық көрінді. Сондай-ақ кейбір танымал грант алушы отандастарымыздың көлеңкелі әрекеттері де белгілі болды. Қазақстанда проблема жоқ демейміз. Әрине, басқа елдердегідей бізде де түйткілдер бар. Бірақ біз оны әлдекімдердің үйретуімен немесе әдістемесімен емес, өзіміздің ұлттық мүддеміз бен заңнама аясында шешеміз. Осындай қисынды әрекеттерімізді халқымыздың басым көпшілігі мен ниеті адал халықаралық серіктестеріміз дұрыс түсінетініне сенімдімін. Идеологиялық өшпенділік – біздің дүниетанымымызға мүлде жат. Дәстүріміз бен құндылықтарымыз, болмысымыз бен өмір салтымыз ұлтымызды біртұтас тарихи-мәдени және саяси қауым ретінде біріктіріп, тұтастығын бекемдейді.

Көк паспортымыз ұлттық бірегейлігіміздің айқын нышанына айналды. Жыл өткен сайын төлқұжатымыздың абырой-беделі көтеріліп келеді. Бұл халықаралық қауымдастықтың бізге деген қызығушылығы артып, еліміздің ықпалы күшейе түскенін көрсетеді. Әр құрлықтағы түрлі мемлекеттің азаматтары тұрақты тұру немесе демалу үшін біздің елді жиі таңдайтын болды. Бұл – кездейсоқтық емес. Қазақстан беделді халықаралық рейтингтердегі қауіпсіздік индексі бойынша айналамыздағы көптеген мемлекеттердің бәрінің дерлік алдында тұр. Ал заң үстемдігі индексіндегі «Тәртіп пен қауіпсіздік» көрсеткіші бойынша, 142 елдің ішінен 43 орынға табан тіреді.

Мұның бәрі – Қазақстанды жайлы әрі өмір сүруге қауіпсіз аумаққа айналдыруға бағытталған күш-жігеріміздің нәтижесі. Қастерлі Отанымызды көркейту – баршаға ортақ парыз. Менің бастамаммен былтырдан бері «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асырылып жатыр. Жалпыұлттық жобаға 6 миллионнан астам адам қатысты. 1,6 миллион тоннадан аса қоқыс жиналды. 3,3 миллион көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан», бұл – біздің бүгінгі және ертеңгі күніміздің кепілі. Сондықтан жұмыс үздіксіз жалғаса береді. Біз әр азаматтың, әсіресе, жастардың бойына тазалық, ұқыптылық, жауаптылық сияқты қасиеттерді сіңіруіміз керек. Таза я тазалық, бұл – киелі сөздер. Ары таза адам ешқашан елін сатпайды. Біз «Қазақстан – ортақ үйіміз» деп үнемі айтамыз. Сондықтан еліміз таза, тартымды, мәдениетті болуы керек. Ассамблея бұл идеяны жан-жақты дәріптеп келеді. Бұл – өте тиімді әрі пайдалы жұмыс. Тазалық әр үйден басталуы керек. Сонда ғана «Таза Қазақстан» боламыз. Кішкентай кезінен тазалыққа үйренген бала кейін жауапкершілігі жоғары, саналы азамат болып өседі. Елге жанашыр болады. Сондықтан бүгін мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін, барлық этномәдени бірлестіктерді «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына белсене қатысуға шақырамын. Бұл – жай науқан емес, бұл – өскелең ұрпаққа озық білім мен тәлім-тәрбие беру деген сөз.

Еліміздегі барша азаматқа қатысы бар идеологиялық маңызды іске әр қаланың, ауылдың, көшенің және ауланың тұрғындарын жұмылдыру керек. «Таза Қазақстан», бұл – шынайы отаншылдықтың көрінісі. Бәріміз Әділетті, Қауіпсіз және Таза Қазақстанда өмір сүргіміз келеді. Қазақстан – тағдырдың жазуымен шетте туып, шетте өскен барша қазақтың тарихи Отаны. Шетелдегі қазақтардың басым көпшілігі ана тілі мен ата дәстүрін берік ұстанып келеді. Ел бірлігі – ең алдымен, күллі қазақтың бірлігі. Екіншіден, ел бірлігі – қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этностың бірлігі. Біз бұл туралы үнемі айтамыз.

Кезінде Қазақстанға миллиондаған адам жер аударылды. Халқымыз олардың ешқайсысын жат көрмей, бауырына басты. Сол буыннан тараған миллиондаған адам – қазір Қазақстанның толыққанды адал азаматтары. Олар мемлекетімізді дамытуға зор үлес қосып, ел игілігіне қызмет етіп жүр. Қазақ жұрты егемендігін алған соң қандастарымыздың елге қайтуына жол ашылды. Қазақстаннан да көптеген адам өзінің тарихи атамекеніне оралды. 4 миллионға жуық отандасымыз Германияға, Польшаға, Израильге және басқа елдерге көшті. Бірақ олардың көбі қазақ жұртының жақсылығы мен қамқорлығын ұмытпайды. Қазақстанның туын төріне іліп, елге деген сағынышын көрсетіп отырады. Қазақша сөйлеп, қазақша ән айтып, қазақтың салт-дәстүрін ұстанады. Жыл сайын Наурыз мейрамын атап өтеді. Барша Қазақстан азаматтары, шетелде тұрып жатқан барлық отандасымыз – бәрі де бір үлкен отбасы деуге болады. Отбасы құндылықтарын нығайту – тұрақты және үйлесімді қоғамның негізі, еліміздің жарқын болашағының кепілі. Жан-жақты дамыған тұлға да, жауапкершілігі зор азамат та, Отанға деген сүйіспеншілік те отбасында қалыптасады. Біз еліміздің әр шаңырағы, әр азаматы тойлайтын мерекеге құрметпен қарап, кеңінен дәріптеуіміз керек. Міне, сондай нағыз халықтық мерекелердің бірі, бұл – Наурыз мейрамы. Биыл жаңа тұжырымдамаға сай біз Ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өттік. Көктемгі көңіл-күй мен мызғымас бірлік мерекесі еліміздің әр аймағында тойланды. Осылайша, біздің қоғамда жасампаз жаңа дәстүрлер қалыптасып, орнығуда.

Бірер күн бұрын достық пен бірлік рухында Пасха мерекесін атап өттік. Шуақты мереке қарсаңында митрополит Александр Қазақстандағы қызметіне 15 жыл толуына орай жоғары мемлекеттік награда – I дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Биыл православ және католик қауымдарының Пасха мейрамы қатар келді. Мұның символдық мәні зор. Бұл – сирек қайталанатын құбылыс. Орайлы сәтті пайдалана отырып, еліміздегі барша христиандарды осынау мерекемен тағы да құттықтаймын. Шетелдік қонақтар Қазақстанда түрлі салт-дәстүрдің бір-бірімен үйлесім тапқанына тағ қалады. Бұл – олар үшін мультикультурализм және мультиэтникалық тұжырымдамалар тоқырауға ұшырап, тіпті, жоққа шығарылып, батыс әлемі жаһандану дан бас тартып, оқшаулануға қадам басып жатқан кезеңде қайран қаларлық құбылыс. Біздің іс жүзіндегі тәжірибемізден мәдениетті жатсынбайтын бірегей болмысымызды аңғаруға болады. Діліміз бен тұрмыс салтымыздың бір бөлігіне айналған нағыз халықтық мейрамдарға баса назар аударуымыз қажет. «Наурыз», «Масленица», «Сабантой» және басқа да халықтық мерекелер ас ішіп, аяқ босататын, көңіл көтеретін ғана емес, ұлтымыздың рухы мен тарихын көрсететін іс-шаралар. Қазақстандағы көптеген этностың дәстүрі, тілі, әдет-ғұрпы осы жиындарда тоғысады. Бұл – «Бірлігіміз – әралуандықта» деген қағидаттың нақты көрінісі.

Қазақ қашанда көршісін қадірлей білген. Қуанышта да, қиындықта да көршісіне сүйенген, көршінің қасынан табылған. «Көрші ақысы – тәңір хақысы» деген ұғым дінімізде және дәстүрімізде бар. Бұл – бізге атадан қалған өсиет, анадан берілген қасиет. Халқымыздың тату көршілік дәстүрі әлі де жалғасып келеді. Қоныстас адамдар ұлтына, дініне, тіліне қарамастан араласып, құраласып жатады. Қазақстан көрші мемлекеттермен достықты нығайта түсуге айрықша мән береді.

Ресей – Қазақстанның бұрыннан келе жатқан негізгі стратегиялық серіктесі әрі сенімді одақтасы. Қытай елімен ықпалдастық тамыры да терең жатыр. Қытай халқы қазақ халқына ешқашан зиян келтірген жоқ, болашақта да зиян келтірмейді. Алатауды тең жайлаған қырғыздар – бір туған бауырларымыз. Ежелден еншілес өзбек ағайынды өз ағам деп қадір тұтамыз. Түбіміз бір деп түрікмендерді туыс санап, шын жүректен құрметтейміз. Қарт Каспийдің жағасындағы әзербайжан еліне деген ықыласымыз да ерекше. Бір сөзбен айтсақ, көрші елдермен қарым-қатынасымыз бауырластық рухында дамып келеді. Біздің арамызда түйткілді мәселе жоқ. Қазақстан мен Ресей құрлықтағы ең ұзын шекараны әуел бастан дау-дамайсыз шегендеп алды. Жақында Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан ұзақ жыл бойы шешімін таппаған шекара мәселесі бойынша ортақ мәмілеге келіп, тарихи келісімге қол қойды деп айтуға болады. Біз бауырлас елдер үшін қуанамыз, оларды әрдайым қолдаймыз.

Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда ауызбіршіліктің қадірі арта түскені сөзсіз. Бейбітшілік пен тұрақтылық – тағдырдың бізге бере салған сыйы емес. Бұл – бір ел, бір халық болып атқарып жатқан қажырлы еңбектің жемісі. Біз сындарлы сәтте жұрт болып жұмыла білеміз. Бұған былтыр Ақтау маңында ұшақ апаты болғанда тағы бір мәрте көзіміз жетті. Азаматтарымыз зардап шеккен адамдардан көмегін аяған жоқ. Кезекке тұрып, қан тапсырды. Әзербайжан елшілігіне барып, гүл шоқтарын қойды. Бүкіл әлем халқымыздың ұйымшылдығы мен жанашырлығына тәнті болды. Халқымыздың жүрегі – кең, пейілі – ақ, ниеті – таза. Мейірімділік, қамқорлық және тілеулестік – біздің ұлттық ерекшелігіміз. Біз осы құндылықтарымызды сақтап, өскелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек.

ҚҰРМЕТТІ СЕССИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР! ҚАДІРЛІ ОТАНДАСТАР!

Енді екі аптадан кейін әлемдік маңызы бар тарихи оқиға – Ұлы Жеңіске 80 жыл толады. Біз бұл мерейтойды кең көлемде атап өтеміз. Қазақстанның майдангерлері мен тыл еңбеккерлері – барша халқымыз Отан үшін отқа түсті.

Ұлы Жеңістің тағылымы барша халыққа, әсіресе, саясаткерлерге ксенофобияға, нәсілдік және ұлттық үстемдікке, халықаралық құқық қағидаттарын құрметтемеуге құрылған жауапкершіліктен жұрдай саясат жүргізудің салдары қандай қасіретке әкелетінін әлі күнге дейін көрсетіп отыр.

Бірер күн бұрын менің тапсырмаммен Республикалық ономастикалық комиссия елді мекендердегі 500-ден астам көшеге бұған дейін елеусіз қалған жергілікті қаһармандардың есімін беру туралы шешім қабылдады. Ең алдымен, жаңа және атауы қайталанатын көшелерге басымдық беріледі. Бұл шешім – Ұлы Жеңісті, оған қатысушыларды қаншалықты қадір тұтатынымызды көрсететін маңызды қадам.

Ұлы Жеңіс туралы ұмытпау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда сақтау, олардың жанқиярлық еңбегі мен ерлігін, парызға адал және антқа берік болғанын ұмытпау деген сөз. Біз сол сұрапыл соғыс кезінде теңдессіз батырлық пен батылдық көрсеткен отандастарымызды әрдайым орасан зор құрметпен есте сақтаймыз. Мен Жеңістің 80 жылдығына дайындық туралы осыдан бір жарым жыл бұрын алдын ала айттым. Соған сәйкес біз «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» жоспарын арнайы қабылдап, жүзеге асыра бастадық. Осы ауқымды жұмыстың аясында екі мыңнан астам мәдени, ғылыми-зерттеу, ағарту және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Ең бастысы, әрине, мемлекет пен қоғамның ерекше қорғауында болатын құрметті ардагерлерімізге айрықша көңіл бөлеміз. Ұлы Жеңістің мерейлі датасын атап өтуге арналған іс-шаралар легі ауқымды әскери шеруге ұласады. Түптеп келгенде, бұл әскери шерудің мән-маңызы зор болмақ. Себебі мұны бір жағынан майдангерлер мен тыңғерлерге тағзым десек, екінші жағынан қазіргі күрделі геосаяси ахуалда ұлттық рухымыздың мықтылығын көрсететін символ деуге болады.

Өкінішке қарай, дүние жүзі сенім дағдарысымен бетпе-бет келген шақта экстремистік идеологияның оралуы, популизм мен талас-тартыстың өршуі, халықаралық құқықтың құнсыздануы, негізгі халықаралық институттардың әлсіреуі байқалады. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Жарғысын қатаң ұстануды, Ұйымды реформалауды дәйекті түрде ұсынып келеді. Қазіргі жағдайда БҰҰ баламасы жоқ ғаламдық ұйым болып қала береді. Сондықтан біз БҰҰ-ны қолдаймыз. Еліміз түрлі мемлекеттер мен аймақтардың арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, өркениетті диалогты дамытуға дәнекер болу үшін көп күш жұмсап келеді. 20 жылдан аса уақыттан бері барлық негізгі конфессиялардың өкілдері әр үш жыл сайын Қазақстанда бас қосады. Биыл күзде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кезекті VIII съезін өткізу жоспарланып отыр.

Былтыр Астанада съездің Ізгілік елшілері сайланды. Олар адамгершілік идеяларын ілгерілетіп, әлемде диалог пен өзара түсіністік орнатуға ықпал етеді. Халықаралық қатынастардағы сенімсіздікті еңсеру үшін рухани дипломатиядан бөлек, ҚХА қызметімен ұштасып жатқан халықтық дипломатияның да мол әлеуетін пайдалану керек. Әртүрлі ел мен мәдениет өкілдерінің арасындағы достық байланыс қақтығыстар мен соғыстардың алдын алады. Бұл – ең тиімді тәсіл. Қазақстан халқы Ассамблеясы әлемдегі диалог пен мәдени әралуандықты нығайтуға қызмет етеді. Бүгінде әлем жалпыға ортақ өрлеуге бағытталған жасампаз күн тәртібі мен үлкен жобалардың тапшылығын қатты сезініп отыр. Қазақстан барлық серіктесімен көпжоспарлы әрі нәтижелі жұмысқа ден қояды.

Берекесіздікке бой алдырмау үшін әлемдік қауымдастық мүдделер тоғысатын тұсты іздеуге, күрделі шешімдер қабылдауға және амалсыз мәмілелер жасауға мәжбүр болады. Диалог жоқ жерде, қарсылық пен түсініспеушілік туындайды. Қазіргі сын-қатерлерді ауқымды халықаралық ықпалдастық арқылы ғана жеңе аламыз деп сенемін. Өзара біте қайнасқан әлемде ғаламдық мәселелерді шешудің бұдан басқа жолы жоқ. Сондықтан прагматизм мен өзара құрметке, теңдікке, әділдікке, ешкімді алаламауға негізделген сындарлы келіссөздер мен тұрақты байланыстар халықаралық жағдайды оңалтып, шиеленістердің түйінін тарқатады.

Қазір бүкіл әлемнің болашағы бұлыңғыр болып тұр. Осы алмағайып заманда стратегиялық бағдарымызға сай әрекет ету – алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Біз қолға алған ауқымды жобаларды жүзеге асыра береміз. Елімізге инвестиция тартып, өнеркәсіп саласындағы әлеуетімізді арттырамыз. Біз қазіргі ахуалды ескере отырып, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарымызға қол жеткізу үшін тиянақты әрі тиімді жұмыс істеуіміз керек.

Тағы бір мәселе. Қазіргі күрделі жағдайды жеке мүддесіне пайдаланғысы келетін түрлі популистер мен саясаткерсымақтар бар. Ел мүддесіне қастық ойлаған ондай адамдарға тұтас қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Алда күрделі кезең келе жатыр. Оңай болмайды. Бірақ алаңдауға еш негіз жоқ. Мен көп жағдайда «Бұл қиындық та артта қалады» деп ашық айтамын. Сол сөзімді осы жерде тағы қайталағым келеді. Біз сын-қатердің бәрін еңсеріп келеміз. Бұл жолы да солай болады. Ең бастысы, барынша жинақы болып, нақты нәтижеге ұмтылуымыз керек. Кез келген ауқымды дағдарыстан кейін зор мүмкіндіктерге жол ашылады. Сол мүмкіндіктерді дер кезінде әрі дұрыс пайдалану қажет. Өз күшімізге ғана арқа сүйеп, барлық ресурсты ортақ мақсатқа жұмылдыруымыз керек. Бос сөзге ұрынып, байбаламға салынбай, жасампаз болғанымыз абзал. Әр азаматтың бойында жауапкершілік сезімі өте жоғары болуға тиіс. Қоғамда өзара тілеулестік болуы керек. Әр істе темірдей тәртіп болуы қажет. Сонда еліміз де орасан зор табысқа жетеді. Баршаңызға мәлім, Заң мен тәртіп – менің стратегиялық бағдарымның арқауы. Мен әр сөйлеген сөзімде осы қағидаттарға арнайы тоқталамын. Таза Қазақстан, Заң мен тәртіп, Адал азамат идеяларының өзегі де – осы.

ҚҰРМЕТТІ АССАМБЛЕЯ МҮШЕЛЕРІ!

Кейбір мемлекеттер үшін этникалық әралуандылық сын-қатердің, сенімсіздік пен төзбеушіліктің белгісі болуы мүмкін. Бірақ бұл біздің жалпыұлттық қазынамыз әрі стратегиялық артықшылығымыз. Ынтымақ-бірлік, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік – мұның бәрі елімізді қарқынды дамытудың мызғымас қағидаттары. Осы құндылықтарға арқа сүйей отырып, біз Тәуелсіздіктің зор жетістіктерін сақтап, еселеп, келер ұрпаққа аманаттай аламыз. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз. Біз – өз жерінде тыныштық пен келісімде өмір сүруге болатынын дәлелдеген, өз тағдырын өзі шеше алатынына көптің көзін жеткізген, болашаққа нық қадам басқан біртұтас ұлтпыз. Осынау тар жол, тайғақ кешуде еліміздің тәуелсіздігі мен дербестігін нығайтып, барлық қиындықты еңсеріп, мақсатымыздан айнымаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – егемендік тарихындағы айтулы оқиға. Бұл мерейтой әр азаматтың бақ-беректесін арттыру жолында ұлтымызды ұйыстыратын маңызды белеске айналады деп сенемін.

Біз халқымыздың береке-бірлігін нығайтуға үлес қосқан азаматтарымызға әрдайым құрмет көрсетеміз. Отыз жылда жеткен жетістіктеріміз осындай абзал жандардың еселі еңбегінің жемісі екені сөзсіз. Жұртымыз үшін ең үлкен марапат – елдің тыныштығы. Шын мәнінде, қоғамда татулық болмаса, басқа жұмыстың бәрі бекер болмақ. Береке-бірлігімізді сақтай алмасақ, қастерлі Тәуелсіздігіміздің баянды болуы да екіталай. Еліміздегі тұрақтылықты нығайту үшін Ассамблея мүшелері табанды еңбек етіп келеді. Мен баршаңызға шын жүректен алғыс айтамын. Алдағы уақытта да ел игілігін арттыруға мол үлес қоса бересіздер деп сенемін. Мен бүгін бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Енді салтанатты рәсімге көшейік. Ассамблеяның мерейтойы құтты болсын! Бірлігіміз бекем болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қастерлі Отанымыз – Қазақстан жасай берсін!

№48 (4792) 26/04/2025 Сенбі

ШАРУАШЫЛЫҚ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында шаһардағы бірқатар шаруашылық және әлеуметтік мәселелер талқыланды.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғаиповтың төрағалығымен өткен жиында алдымен қалалық Қаржы басқармасының басшысы Әліби Жұмаев Астананың 2024 жылға арналған бюджетінің орындалуы жөнінде есеп берді. Оның мәлімдеуінше, былтырғы бюджеттің орындалуы 99 пайызды құрады. Тек қана ірі жобаларға республикалық бюджеттен бөлінген қаржы игерілмеді. Бұл қаржы «бос қалдықтар» санатына енгізіліп, осы жылы игеріледі. Тиісті жобаларды іске асыру да – биылдың еншісінде.

Жиында елорданың су нысандарында су қорғау аймақтарын, белдеулерін және олардың шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов баяндады. Соның ішінде индустриалды аймақты дамыту мәселесі қаралып, Ақбұлақ өзенінің су қорғау аймағын қысқарту ұсынылды. Бүгінгі таңда тиісті аймақ абаттандырылмаған. Егер оң шешім шығарылса, бұл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары іске асырылып, қосымша инвестициялар құйылады. Басқарма басшысы бұл жағдайда қоршаған ортаға еш зиян тимейтінін ерекше атап өтті.

Отырыста қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2025-2029 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсыры туралы мәлімдеді. Астананың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова елордада тіркелген ел азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, соның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру жайында баяндады.

МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Елордадағы медициналық мекемелердің құрылысы мен күрделі жөндеу жұмыстары бойынша өзекті мәселелер қалалық мәслихаттың №3 көпсалалы ауруханада өткен көшпелі кеңесте қаралды.

Депутаттар бірқатар құрылыс нысандарына барып, Интернациональный тұрғын алабында жаңа емхана салудың тиімділігі мәселесін талқылады. Депутаттар тарапынан аталған аумақта халық санының азаюына байланысты, қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына медициналық мекеме форматтарын қайта қарау ұсынылды. Атап айтқанда, стандартты алғашқы медициналық көмек пунктін салып, қалалық ауруханалардан мамандарды тұрақты түрде жіберу қарастырылды.

«Медициналық қызметкерлерге арналған жатақхана құрылысы» жобасы аясында құрылыс компанияларына үш ғимаратты белгіленген мерзімде тапсыру, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымды уақытылы тарту бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Биыл Манас көшесінде орналасқан қалалық жұқпалы аурулар ауруханасын күрделі жөндеуден кейін пайдалануға беру жоспарланған. Қазіргі уақытта ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алайда қаржыландыруға қатысты бірқатар мәселелер бар.

Осыған ұқсас жағдай №3 көпсалалы ауруханының күрделі жөндеу жұмыстарына да тән. Кеңес барысында Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қатысты бірқатар ұсыныстар айтылды.

ЭКОЛОГИЯ – БАЛАЛАР КӨЗІМЕН

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің маңындағы Ұстаздар аллеясында оқушылар арасында сурет салудан байқау өтті. Оған 30-ға жуық өнерпаз оқушы қатысты.

Индира БЕРЖАНОВА

– Жыл сайын өткізілетін биылғы байқаудың тақырыбын «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясына арнауды жөн санадық. Балаларға табиғат аясында сурет салуға мүмкіндік беріп, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, сол арқылы қоршаған ортаға жанашыр болуға шақыру – басты мақсатымыз, – деді қалалық Байқоңыр ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Арман Байымбетов.

Байқоңыр ауданы әкімдігінің бастамасымен ұйымдастырылған іс-шарада Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебінің оқушылары өнерлерін ортаға салды. Байқау қорытындысы бойынша жүлдегелер анықталып, арнайы сыйлықтармен марапатталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, үздік жұмыстар елордадағы көрмелердің біріне қойылады.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖӘРМЕҢКЕ

Астанадағы «Esil University» оқу орнының қабырғасында жастарға арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Аталған университеттің жыл сайын екі рет өткізетін іс-шарасын бірге ұйымдастыруға Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы, «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы, қалалық «Еңбек мобильділігі орталығы» мекемесі қолдау білдірді. Жәрмеңкеге қаладағы 50 жұмыс беруші ұйым, 800-ден астам жұмыс іздеп жүрген азаматтар, ЖОО түлектері және елорда жастары қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің негізгі мақсаты – жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы тікелей байланыс арқылы жұмыссыз азаматтарды, білім беру ұйымдарының түлектері мен жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығы NEET санатындағы жастармен жұмыс бойынша бөлім басшысы Сұлтан Өмірғалиев мұндай іс-шаралар өткізу жастарды қолдау бағытындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бір бөлігі екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы адами капиталды дамыту және жастарды қолдау еліміздің маңызды басым бағыты екенін атап айтады. Биыл біз осымен үшінші жәрмеңкені өткізіп отырмыз. Бұған дейін С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде және Барыс Арена ғимаратында жұмыссыздар үшін ірі қалалық жәрмеңке ұйымдастырдық. Ал бүгін осы оқу орнында 3-4 курс студенттері үшін жәрмеңке өткізілуде, – дейді ол.

Жәрмеңкенің ашылуына келген ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Назгүл Ахметжанованың айтуынша, бүгінгі таңда елордада Орталық атқарушы органдардың аумақтық департаменттері және жергілікті атқарушы органдар бойынша 300-ге жуық бос жұмыс орындары бар.

Жұмыс берушілер қатарында қалалық мекемелер, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазпошта» сияқты компаниялар және екінші деңгейлі банктер көп.

Жәрмеңке барысында жұмыс берушілер өз компанияларындағы мамандықтарды таныстырып, бос жұмыс орындарын ұсынды және келген азаматтар арқылы өздеріне ең қолайлы үміткерлердің базасын қалыптастыруға мүмкіндік алды. Жұмыс іздеушілер компаниялардың HR-менеджерлерімен тікелей тілдесіп, сұхбаттасып, қызықтырған сұрақтарын қойды.

ЖАС ПЕДАГОГТАР ФОРУМЫ

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған «Педагогикалық пульс: жас педагог дауысы» атты I республикалық форум өтті. Жиында 300-ге тарта педагог бас қосты.

Индира БЕРЖАНОВА

Астана қаласының Білім басқармасы, елордалық Әдістемелік орталығы және Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық жоғары колледжі бірлесе ұйымдастырған іс-шара жұмысшы мамандықтарының имиджін көтеруге бағытталды. Екі күнге созылған форум аясында жас педагогтар үшін түрлі бағыттағы іс-шара ұйымдастырылды. Олардың қатарында «Ұстаз болу – өнер» педагогикалық коворкингі, «Сандық емес нетворкинг», «Бизнес-педагогика», «Интерактивті әрекеттер» бағыттары бойынша оқу кейстері, «Педагогикалық жетістік және жеке бренд», «Техникалар мен әдістер: оқуды қалай қызықты етуге болады?» және т. б. өтті. Аталмыш форумда жас педагогтарға бірқатар мүмкіндік қарастырылды. Қатысушылар заманауи оқыту құралдары мен жасанды интеллект, қарым-қатынас психологиясы бойынша педагогикалық кеңес алып, Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрына және «Astana Eurasian Book Fair-2025» VIII халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесіне қатысты.

«Форум жас мамандар үшін тәжірибе алмасу, жаңа идеяларды ортаға салу және ұрпақтар арасында диалог орнату алаңына айналды. Биыл алғаш рет өтіп жатқан іс-шараны енді дәстүрлі деңгейде жыл сайын өткізуді көздеп отырмыз. Басты мақсатымыз – креативті, заманауи және жаңашыл тәсілдерді білім беру процесіне енгізу. Қазіргі таңда колледжімізде 3200-ден астам студент білім алса, оның 2300-і – болашақ педагогтар» деді өз сөзінде Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық жоғары колледжінің директоры Жомарт Қошқаров.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Адал еңбегімен еленіп, табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті. Мемлекет басшысы айтқандай, бұл «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына сай келеді. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Бүгінде өз мамандығының қыры мен сырын жетік меңгеріп, кәсіби біліктің шынайы үлгісін көрсетіп жүрген осындай жандардың бірі – «Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамының слесарі Есенай ӘБІЛМӘЖІНОВ.

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ ИЕСІ

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Алғашқы еңбек жолын Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Қараегін ауылындағы мектеп котельныйында пеш жағушы болып бастаған жігіт 2007 жылы отбасымен Астанаға көшіп келеді. Содан бері Есенай Балтабайұлы «Астана-Теплотранзит» мекемесінде 17 жылдан астам уақыт табан аудармастан табысты жұмыс істеп жүр. Мұндағы ол еңбек ететін бригада елордадағы Байқоңыр және Сарыарқа аудандарының 6 учаскесіне қызмет көрсетеді.

– Слесарь мамандығы ел ішінде көп елене бермейтін қатардағы жұмыстың бірі болғанмен, оны меңгеру оңай емес, бәріне уақыт керек. Жұмыс барысында біз жылу құбырларын қараймыз, қаладағы тұрғын үйлер мен мекемелерге жылудың уақытылы берілуі жолында еңбек етеміз. Қиын жері, әсіресе қыстың күндері трубалар жарылған кезде жылу халыққа тоқтаусыз берілуі үшін уақытпен санаспаймыз. Қазіргі таңда жастардың басым бөлігі заңгер, экономист мамандығын таңдайды. Бізге слесарьлар да келеді, бірақ тым аз. Сондықтан оқу бітіріп, мамандық таңдау алдында жүрген жастар халық игілігі жолында жұмыс істеуден бас тартпаса екен. Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны белгілі. Бұл бастама жұмысшы мамандықтардың маңызын арттырып, елімізде еңбек адамының беделін көтеруге серпін береді, – деді Есенай Әбілмәжінов.

Жолдасы мектепте мұғалім, үлкен ұлы мен қызы университетте, қалған үш баласы мектепте оқиды. Ата-анасы оларға жастайынан еңбектің қадірін түсіндіріп, күнделікті іс-әрекетімен үлгі көрсетуде.

Қазіргі заманда бізге аса қажет құндылық еңбеккорлық және шын мәнінде барлық жетістіктің бастауы адал еңбек пен іскерлік екенін мәртебелі мамандық иесі жақсы біледі. Тәжірибелі маман ретінде ол өзінен кейінгі жас буынға жол нұсқап, бағыт-бағдар беруден аянған емес. Табысын маңдай терімен тауып жүрген Есенай Балтабайұлы секілді қарапайым еңбек адамының өмір жолы қандай да болсын құрмет пен марапатқа лайық!

«ЖҰБАНОВТАР АЛЛЕЯСЫ» БОЙ ТҮЗЕЙДІ

Осыдан бір жарым жыл бұрын «Елорда мәслихатына депутат болам ба?» деген оймен Байқоңыр ауданы бойынша үміткерлер қатарына тіркеліп, алда атқарылар жұмыстардың бағдарламасымен таныстыру мақсатында сайлаушылармен кездесу өткіздім. Бір кездесуде тұрғындар өтініш ретінде: «Біз қаланың ескі ауданында тұрып жатырмыз. Жасы келген зейнеткерлердің, балалы аналардың тыныстайтын демалыс орындарының тапшылығы бәрімізді алаңдатуда. Мәдениет үйінің және кинотеатрдың жоғы айтарлықтай қолайсыздық тудыруда» деп шағымданды.

«Мереке күндері аудан тұрғындары елорданың сол жағалауына сабылуда. Автобустар мен жеке автокөліктер кептелісінің бірден-бір себебі – аудан аумағында осындай өнер орталықтарының жоғы» деп мәселе көтерді. Өтініштерін жалғастыра келе: «Қазіргі кезде А.Жұбанов көшесінің басында бос алаң бар. Бұл жер заңсыз автокөліктің тұрағына айналып, бізге қолайсыздық туғызуда. Сол себепті осы жерді абаттандырып, Қазақ елінің тарихында бір әулеттен үш академик, бірнеше ғылым докторы, кандидаты шыққан «Жұбановтар аллеясы» деген аты беріліп, мүмкін болса, ескерткіш орнатып, біздің тұрмыс-тіршілігіміздің жақсаруына әсер етсеңіз, сайлаудағы дауысымызды сізге береміз» демесі бар ма?! Кейбір себептермен ұмтылған мақсатыма жете алмадым. Бірақ халықтың аманаты ойда жүрді.

Бірде Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде қала әкімі Жеңіс Қасымбекпен кездесу барысында осы мәселе көтеріліп, билік тарапынан қолдау тауып, сол жерде Байқоңыр ауданының әкімдігіне айтылған жұмысты жүзеге асыру туралы тапсырма берілді. Міне, берілген тапсырманы жүзеге асыру мақсатында осыдан бір апта бұрын абаттандырудағы дайындық жұмысы басталып та кетті.

Ғарышкерлер күні мейрамы қарсаңында Астана қаласындағы Есіл университетінің 100-ге жуық ұстазы мен студенттерінің қатысуымен болашақта «Жұбановтар аллеясы» болатын жерде (Ахмет Жұбанов көшесі, №1 үйдің жанында) сенбілік өтті. Байқоңыр ауданы әкімдігінің қолдауымен бұл шараның бастамашысы – республикалық «Күй анасы» қоры.

А.Жұбанов пен Ж.Тәшенев көшелерінің бойымен 50-ден астам жас көшеттер егіліп, қатысушылар көтеріңкі көңіл күймен ән шырқап, болашақта Байқоңыр ауданының көркін жақсарта түсетін игі шараны қолдай келе, еріктілер ретінде құрылыс басталар уақытта аллеяның жұмыстарын атқаруға дайын екені жөнінде айтып жатты. Әкімдіктің абаттандыру мәселелері бойынша жауапты қызметкерлері сенбілікке қатысушыларға алдағы уақытта да аталмыш аудан көлемінде тал егу жұмыстары жалғасын табатынын айта келе, атқарылған жұмысқа өздерінің алғысы мен ризашылығын білдірді.

Өткен аптаның сенбісінде «Жұбановтар аллеясын» абаттандыру жұмыстары қарқынды басталды. Оның құрылысын жүзеге асыратын мердігер тендер арқылы айқындалып («Imperium-A» ЖШС), құрылыстың аяқталу мерзімі белгіленді (01.07.2025 ж.).

Саябақ орналасатын жерде алдын ала жоспары сызылып, коммуникациялық желілердің алынатыны алынып, басқа жерге көшірілетіндері көшіріліп, дайындық жұмыстары осы айдың басында аяқталған еді.

Жоспарымыз бойынша шілде айындағы Ұлттық домбыра күні мерекесі қарсаңында белгіленген жұмыстар аяқталып, салтанатты ашылу рәсімінде кездесуге жазсын деген тілек-ниетіміз бар.

Астанамыздың төрінде тағы бір саялы ортаның пайда болуы өркениетті еліміздің дамуының көрінісі деп қабылдағанымыз орынды болады деп есептеймін.

Төлеген ҚУАНЫШЕВ,
республикалық «Күй анасы» қорының басшысы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылғы мамырдың үшінші онкүндігінде «Елорданы жылумен жабдықтау және энергиямен қамтамасыз етуді дамытудың қазіргі жағдайы мен перспективалары» тақырыбында көпшілік тыңдаулар өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

«Столичная дезинфекция» ЖШС Астана қаласындағы ірі, таяз, уақытша су айдындары мен ашық станцияларда 1-турдың шыбын-шіркейлерді жою жұмыстары басталғаны туралы хабарлайды. Тел.: +7-707-300-50-30.

№48 (4792) 26/04/2025 Сенбі

Ашығын айту керек, елімізде МӘМС жүйесі толық іске қосылғаннан кейін барлық азаматқа қолжетімді болды. Кейінгі 4 жылда медицина қызметтерінің тізімі кеңейіп, тұрғындар үшін көрсетілетін қызмет сапасына мән беріле бастады. Дегенмен жүйенің кемшілігі де көп. Халық арасында МӘМС жүйесіне қатысты сенімсіздік көбейді. Жүйенің әу бастағы мақсаты қандай еді? Алдағы тағдыры қандай болмақ? Осы жөнінде белгілі дәрігер, бүгінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы төрағасының кеңесшісі Ерік БАЙЖҰНІСОВПЕН әңгімелескен едік.

Ерік БАЙЖҰНІСОВ,
денсаулық сақтау саласындағы сарапшы:

ҚОР ЖҰМЫСЫН ҚОЙЫРТПАҚ ПЕН ҚАТЕЛІКТЕРДЕН АРЫЛТСАҚ, МҮМКІНДІГІ МОЛ

– Ерік Әбенұлы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына қатысты мәселе әлі түзу жолға қойылмай келеді. Өзіңіз кезінде басы-қасында жүрдіңіз. Қай тұста қателестік?

– Бұл сауалға бір сөзбен жауап айту қиын. Негізінде, әу бастағы идеологиясы дұрыс. Біз сақтандыру жүйесіне бір күнде ауыспадық. Оған дейін қаншама сараптама жұмысы жүргізілді, әлемдік тәжірибені қарадық. Дүниежүзілік банктің сарапшылары елімізге келіп, экономикалық ахуалымызбен танысты. Осындай күрделі дайындықтан кейін өттік десек болады. Яғни жүйеге ауысар алдында көп мерзімді дайындық жұмысы жүргізілді. 2010 жылдан бастап бүкіл Қазақстан бойынша денсаулық сақтау саласының бірыңғай жүйесін енгіздік. Ол – сақтандыру жүйесіне ауысудың бірінші кезеңі. Осы ретте барлық қаржы көзін бір жерге жинап, медицина мекемелерін қаржыландыру бойынша реформа жүрді. Бұл оңай болмады. Өкінішке қарай, дәл енгізер тұста бірнеше қателікке жол берілді.

– Нақты қандай қателіктер еді?

– Бірінші қателік – жарнаға қатысты. Шетелден келген сарапшылар сақтандыру жүйесіне көшкенде қорға төленетін жарнаның көлемін ең жоғары мөлшерде бірден енгізуді талап ретінде ұсынды. Сонда ғана халық нәтижесін көретінін айтты. Ал жыл сайын 2 және 5 пайызға көтергенмен, оның барлығын бәрібір инфляция «жеп қоятынын» және халыққа берген уәделерді орындай алмай қалатынымызды ескертті. Біз сол кезде бұл мәселені ұсыныс ретінде айттық, бірақ қанша дегенмен заң қабылданар тұста бизнес пен халыққа қиын болады деп, жартысын енгізуге шешім қабылдады. Бұл қателіктің салдарын көріп отырмыз. Медицина көмегі қолжетімді болады, диагностика қызметтерімен қамтамасыз етеміз дегеніміз болмай қалды. Екінші қателік – үлкен реформаларды экономикалық дағдарыс кезінде енгізгеніміз. Егер экономика қарқын алған тұста мұндай бағдарламаны енгізсе, алға қарай тез және екпінді жүреді. Біз алдымен 2017 жылдың шілде айында енгіземіз деп шештік. Кейін тағы жарты жылға шегердік. Одан жарнаның көлемін азайттық. Осылайша сескеніп, жасқанып жүріп енгіздік. Бағдарлама сақтандыру қорының жобалық қуатына жеткенше экономикалық жағдайымыз әлсіреп қалды. Үшінші қателік – қордың айналасына қатысты. Қалай десек те, айналдырған 6-7 жыл ішінде 7-8 басшы ауысты. Жыл сайын жаңа басшы келген сайын саясат өзгереді, бағыты өзгереді. Тура оталып, жүре алмай қалған көлік сияқты. Оны жүргізетін, алға сүйрейтін, итеретін күш жоқ болып тұр.

ӨЗІҢ АТҚА ШАБА АЛМАСАҢ, АТТЫҢ КІНӘСІ ЖОҚ

– Қордың қызметіне қатысты қазір де сын көп айтылады. Керек пе, керек емес пе?

– Атқа шаба алмасаң, аттың кінәсі жоқ. Негізінен, қордың жұмысын жүргізе алсаң, мүмкіндігі көп әрі өте керек дүние. Көзге көрінсе де, көп адам елей бермейтін нәрсе бар. Алғашқы жылы сақтандыруды кіргізген кезде бізде жоспарланған қаржы жинала ма, жиналмай ма, халық төлей ала ма, төлей алмай ма деген күмән болды. Бірақ бірінші жылдың өзінде қорға қосымша 200 миллиард теңге түскенде, жүйенің қабілетіне сендік. Сол кездегі денсаулық сақтау саласына бөлінген қаржы 1 трлн болса, қазір қор жұмысының арқасында 3 трлн-ға жетті. Яғни үш есе өсті. Мұны айтпасқа болмайды. Қазір, байқасаңыздар, Алматы, Астана болсын, көптеген қалада жекеменшік медицина орталықтары көбейді. Компьютерлік томография әр үйдің астында бар. Осыдан 4-5 жыл бұрын алғашқы көмек көрсететін ұйымдардың 90 пайызы мемлекеттік болса, қазір 70 пайызы жекеменшік. Яғни жекеменшік ұйымдар құрылып, салынып, барлығы осы жүйеге кіре бастады. Сонымен бірге халыққа тегін берілетін дәрі-дәрмектің көлемі ұлғайды. Жүйеге алғаш кіргенде 80-90 млрд бөлінсе, қазіргі таңда бөлінетін қаржы көлемі 300 млрд-тан асты.

– Қазіргі уақытта кез келген медициналық кемшіліктің астарын сақтандыру қорынан іздеу қаншалықты дұрыс?

– Тура осы мәселеге қатысты дүниежүзілік сарапшылар бізге ескерткен болатын. Қазір осы болжам дұрыс шықты. Дәрігер дұрыс қарамаса, емханаға барғанда көп кезек күтсе, ауруын асқындырып алса да қор кінәлі. «Мен не үшін ай сайын жарна төлеймін?» деп шығатындар бар. Біздің жүйеде шамамен 81 мың дәрігер жұмыс істейді. 170 мыңнан астам орта қызметкер бар. Олардың әрқайсысының мінезі, деңгейі бар десек, бәрінің артына адам салып қоя алмайсың. Сақтандыру қорының ең үлкен мәселесі – осы. Сақтандыру жүйесін енгізгелі біраз шаруа атқарылды. Бірақ енгіздік, болды деп айту мүлдем дұрыс емес. Бұл – ұзақ уақыт жүйеленетін нәрсе. Қазақта «Көш жүре түзеледі» дейді ғой. Сақтандыру қорының да басты мақсаты – елдегі медицина саласын жақсартуға қосымша қаржы табу. Соңғы кезде «Менің қаржым қайда кетті?» деген мәселе алдымыздан жиі шығады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі біздің қазақтың асарына ұқсайды. Әр адам шамасы келгенше қаржы аударып, ауырған жағдайда қажетіне қарай көмек алады. Дәл қазіргі таңда мұны сынап жатқандардың дені – жастар. Олардың денсаулығы жақсы, көп ауырмайды. Содай кейін мәселені түсінбесе де айтып, жаза береді. Дегенмен 50-60 жас деген демде жетіп келеді. Аурудың бәрі сол кезде басталады. Сіздер мен біздің жинап жатқан қаржымыз қазіргі уақытта нәрестелер мен осы үлкен жастағы кісілерге жұмсалып жатыр. Қаншама ауруханада ем алып жатқан адамдар, жан сақтау бөлімінде жатқандар және қаншама орган ауыстырып жатқан азаматтарымыз осы қор арқасында ем алуда. Құдай басқа бермесін, егер де сіздің басыңызға осындай жағдай түссе, емделуге қаржыңыз жетпейді.

> Негізінен, ешқандай мемлекетте адамдар толық 100 пайыз сақтандырылмаған. Қателеспесем, ең жоғарғы көрсеткіш 98 пайыз шамасында шығар. Бізде шамамен 3 миллион адам сақтандырылмаған

МӘСЕЛЕМЕН САЛА МАМАНДАРЫ ҒАНА АЙНАЛЫССА...

– Яғни жарнаға деп құйған ақша әлдекімдердің еміне жұмсалып жатса, бір жағынан сауапты іс деп қарастырсақ болады ғой...

– Жалпы біздегі медицина саласындағы кейбір технологияларды ұстап тұру мен игеру үшін жылына 70-100 млн шамасында қаржы жұмсалады. Кейбір науқастарға құны 1 миллиард теңге тұратын дәрі сатып алынады. Медицина саласындағы кейбір көмекті алуға баймын деген адамдардың қалтасы көтере бермейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, әлемде жыл сайын 100 млн шамасында адам осы медицина саласындағы көмекке қол жеткізе алмай, қайыршылыққа ұрынады. Біздің негізгі тұтынушыларымыз – 5 жасқа дейінгі сәбилер мен қарттар. Орта жастағылар көп ауырмайды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры көптеген мемлекеттегі сияқты халықтың белгілі бір бөлігіне көмектесіп, өз жұмысын жүргізе берсе де болады. Алайда біз нағыз мұқтаж жандарға көмек қолын созып, көптеген өлім-жітімнің алдын алудамыз. Біздің жүйеде революция жасап, ақты ақ қылып, қараны қара қылуға болмайды, өйткені оның арғы жағында адамның өмірі тұр. Осы үшін біз жарайды деп басты изеп жүре береміз. Медицина саласымен осы саланың мамандары ғана айналысуы керек. Біздің мәселеге кейде сарапшылар араласып кетеді. Салаға қатысы жоқ болса да, басқа мамандық иелері жөн сілтеп, қалай емдеу керегін айтып кетеді. «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деп айтады ғой. Жалпы біздің салаға басқа сала мамандары көп араласпаса деген ұсыныс-тілегіміз бар.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржысын жекеменшік сақтандыру қорларына берсек деген де ұсыныстар бар. Оған сіздің көзқарасыңыз қандай?

– Оған беретін жауап бір-ақ нәрсе. Жақсы немесе жаман болсын, қазір біздің ақшамыз мемлекеттік қорда. Мемлекеттік қорға тағайындалған адам – мемлекеттің адамы. Оның лауазымы әрі соған сәйкес жауапкершілігі бар. Белгілі бір деңгейде сол қорда жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы, қызмет бағыты мен міндеттері белгіленген. Егер біз 2-3 триллионнан жекеменшік сақтандыру қорларына бөліп берсек, сол қыруар ақшаның басқа елге ауып кетпейтініне кім кепілдік бере алады? Мемлекеттік міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры әр тиынына дейін мемлекеттік органдар алдында есеп береді. Ал жекеменшік сақтандыру қорларына бөлінген қыруар қаржыны кім тексереді?! Егер аяғынан енді тұрып келе жатқан қордың қаржысын басқа жекеменшік сақтандыру қорларына аударғанда не ұтамыз? Иә, кейбір ұсыныстарды эксперимент ретінде енгізіп көруге болады. Бірақ бұл эксперименттің оң немесе теріс нәтижесін көру де үлкен қаржыға келіп тіреледі. Болашақта осындай халықтың денсаулығы мен өмірі тұрған мәселелерді қарастырғанда медицина саласындағы сарапшылармен кеңесіп, жан-жақты талқылап шешкен дұрыс деп ойлаймын.

– Тағы бір даулы мәселе сақтандырылмаған адамдар төңірегінде болып отыр. Мүмкін, халық арасында әлі күнге дейін толық түсіндірілмегендіктен болар...

– Негізінен, ешқандай мемлекетте адамдар толық 100 пайыз сақтандырылмаған. Қателеспесем, ең жоғарғы көрсеткіш 98 пайыз шамасында шығар. Бізде кейбір адамдар өзге өңірлерге қоныс аударып жатады, біреудің жұмысы жоқ, біреу күнделікті жалдамалы жұмыс істейді. Енді бір азаматтардың жұмыс орны жарнаны төлей алмайды, тағы басқа мәселелер толып жатыр. Бізде сақтандыру қорының жұмысы енді жұмыс істеп жатқандықтан, халықты толық қамту бірте-бірте жүзеге асып келеді. Алғашқы уақытпен салыстырғанда үлкен нәтиже бар. Енді осы мәселеге басқаша жауап беріп көрсек. Бізде шамамен 3 миллион адам сақтандырылмаған. Егер осы 3 миллион адам сақтандыру жарнасын төлемесе, онда олар салық та төлемеген болып тұр ғой. Ол адамдар қалай күнін көріп жүр, немен айналысады? Бұл – тек сақтандыру қорының жұмысы емес, басқа да арнайы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мәселесі.

БАСШЫЛАРДЫҢ ЖИІ АУЫСУЫ ТОҚЫРАУҒА ӘКЕЛЕДІ

– Соңғы кезде сақтандыру қорына қатысты тағы бір мәселе – кредиторлық берешек. Неге кейбір медицина мекемелері қаржы дағдарысына ұшырап, жарыққа, жылуға, тағы басқа төлемдерге қарызы көбейіп кетті?

– Мұның ең үлкен екі мәселесі бар. Біріншіден, сақтандыру қорының ішіндегі ақпараттандыру жүйесі бар. Осы қаржының жүретін, төленетін жүйесінің дұрыс жұмыс істемегені. 2018-2019 жылдары жүйелі түрде жұмысты бастады да, соңғы жылдары жоспарлары жиі өзгеріп, шатаса бастады. Мысалы, «Екі пакетті бір пакет қыламыз», «Ана дәріні мынау дәріге ауыстырамыз» деген сияқты мәселелер көбейіп, арты қаржы қиындығына әкеп соқтырды. Медицина саласындағы өзгерістерді ақпарат жүйесіне енгізудің өзі – үлкен жұмыс. Мысалы, компьютер «Науқасқа қажеті мына дәріні мына дәріге ауыстырамыз» дегенді түсінбейді. Оны не үшін, не себепті енгізу керегін, дәрінің әсерін, нәтижесі қалай болатынын, бәрін тәптіштеп отырып енгізу керек. Оны енгізу барысында рұқсат алу, қаулы шығару, қаржы бөлу, қаржының жүзеге асуы бар, кем дегенде 3-4 ай уақыт алады. Енді өзіңіз ойлап көріңіз, осындай жиі өзгеріс жасалып тұрған жерде компьютер бағдарламасы «қақалып» тұра береді ғой. Біздің айтып отырғанымыз бір қызмет пакеті ғана. Ал осындай жүздеген мың адам көмек күтіп отыр. Бізде бөлінген қаржының ашықтығын қамтамасыз етуге байланысты бірыңғай ақпарат жүйесі енгізілген. Алайда әлі күнге дейін осы мәселенің толық жұмыс істеп кетуін қамтамасыз ете алмай келеміз.

– Сонда себебі неде?

– Бұл – тікелей қор мен медицина қызметін көрсететін мекемелердің әлі күнге дейін бір жүйеге түсе алмай келе жатқанының мәселесі. Егер де осы жүйені тездетіп қалыптастырса, қаржы мәселесі жойылар еді. Мысалы, қазір сәуір айы. Бірақ емханалар мен ауруханалар тек қаңтар айының қаржысын ғана алды. Әлі күнге дейін қажетті қаржысын ала алмай келеді. Себебі әлгі жүйе әлі дұрыс жұмыс істемеген. Сондықтан бұл таза техникалық қателіктер мен кемшіліктер. Осының нәтижесінде бүкіл аурухана қарызға батып отыр. Екінші жағынан, басшылардың жиі араласуы мен мамандардың жиі ауыса беруі. Медицина мекемелерінде мамандардың жиі ауыса беруі жұмыстың тоқырауына әкеліп, нәтижесі қаржылай қиындықтарға соқтырады. Мамандардың жиі ауысуынан ол жерде қандай жұмыс, нәтиже болады?! Негізі, медицина саласындағы білімі мен білігі жоғары, тәжірибелі басшы 4-5 жыл жұмыс істесе, бұл мәселені де оңай шешуге болады. Қысқасы, біз бірыңғай ақпарат жүйесінің жұмысын дұрыс жолға қоя білсек, мұндай фактілер азаятын еді, тіпті жоюға болады. Бұл салада, әсіресе қаржы жүрген жерде мәселе әрдайым бола береді. Мәселе болды ғой деп барлық кінәні қорға аударудың да қажеті жоқ. Бұл – ұзақ жылдарға арналған жоспарлы жүйе. Жыл өткен сайын қаржысы да, мүмкіндігі де кеңейіп келеді.

Сұхбаттасқан
Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

«КОРИФЕЙДІҢ» КӨТЕРГЕН ЖҮГІ

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқан «Astana Eurasian Book Fair-2025» VIII халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінің аясында белгілі публицист, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахмановтың «Корифей. Культурология Абиша Кекильбаева» атты кітабының таныстырылымы өтті.

Ұлттық кітап күніне сәйкес келген іс-шараны мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов жүргізіп, кітаптың құндылығына, оны оқудың мән-маңызына тоқталды. Жаңа еңбекті таныстыра келе, 2019 жылы Әбіш Кекілбайұлының 85 жылдығына орай жарық көрген автордың «Абыз Әбіш» атты монографиясы кекілбаевтануға жол салғанын атап өтті. «Корифей. Культурология Абиша Кекильбаева» кітабы орыс тілінде Мәскеудің «Художественная литература» баспасынан шыққанын, бұл кітаптың алғысөзін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жазып, жоғары бағалағанын айтты.

Ресей жазушысы, аталмыш кітаптың редакторы Георгий Пряхин бұл еңбектің ерекшелігіне тоқталды. Оның айтуынша, кітап авторы Әбіш Кекілбайұлының қаламгер ретіндегі дара дарынын ашып, эсселер, мақалалар, очерктерді жүйелендіріп, тамаша еңбекті оқырмандарға тарту етті. Әбіш Кекілбайұлымен кездескенде оның бойынан даналық есіп тұратынын айтып өтті.

Кітаптың жарық көруіне қолдау көрсеткен мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев Әбіш Кекілбайұлының қайраткерлік және қаламгерлік қырлары жайлы айтты. Сауытбек Абдрахмановтың еңбектері арқылы әбіштану басталғанын, бұл кітаптар классик жазушы ортамызда жүргендей жарқын бейнесін көз алдымызға әкелетінін атап өтті.

«Әбіш Кекілбайұлы – тек қана Маңғыстаудың емес, сол түбектің емес, бүкіл алты Алаштың ортақ тұлғасы» деді Қырымбек Көшербаев.

Әдебиеттанушы ғалым Әсима Ишанова кітап жөнінде пікірін жеткізді. Жазушы-журналист Несіп Жүнісбайұлы Әбіш Кекілбайұлының тұлғасына тоқтала келе, бұл кітапты ағылшын тіліне аударып, бүкіл әлемге тарату керектігін айтты. Парламент Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай кітаптың құндылығына тоқталды.

> Бұл – қалам мен қайратты тең ұстаған тұлғаның тағдырына арналған тағылымды еңбек. Бұл – Сауытбек Абдрахмановтың парасатты парызынан туған, пайымды жүректен шыққан рухани шежіре

«Бұл – қалам мен қайратты тең ұстаған тұлғаның тағдырына арналған тағылымды еңбек. Бұл – Сауытбек Абдрахмановтың парасатты парызынан туған, пайымды жүректен шыққан рухани шежіре. Қазақ әдебиетінде де, мемлекетінде де алып тұлғалар баршылық. Олар жай адам емес. Олар – өз заманының ары, жұртының жадында мәңгі қалатын елдің есті сөзі. «Корифей» бір ғана адам жайлы кітап емес. Бұл бір дәуірдің рухани паспорты іспеттес. Бұл – Әбіш арқылы қазақтың ұлылығын мойындатқан еңбек. Бұл – әдебиетке де, саясатқа да, парасатқа да ортақ тұлғаның ұлт алдындағы борышын баян еткен шығармашылық жүк. Кітапты парақтай бастағанда-ақ сезесің: мұнда құр мақтау, құрғақ өмірбаян жоқ. Мұнда жан бар. Жанмен бірге жүрек соғысы бар. Автор Әбіштің жай жазушы емес екенін жан-тәнімен түсінген. Ол – ұлт руханиятының биігі. Әр сөзімен елдің ертеңін ойлаған, тарих пен тағдырды табыстырған тұлға» деді сенатор.

Оның пікірінше, автор Әбіш Кекілбайұлының сөз өнеріндегі салмағын, саясаттағы салиқалы орнын, тарихқа терең бойлайтын зердесін дәл аңғарған. Әбіштей алып тұлғаны бір қырынан емес, сан қырынан танытады. Соның ішінде жазушы, аудармашы, саясаткер, мемлекет қайраткері, көсемсөзші ретінде ашқан.

«Әдебиетке келіп жатқан жас буын осы кітаптан Әбіш Кекілбайұлын танып, ұлтының қадірін біледі. Мемлекетке қызмет етем дейтін жас саясаткерлер де осы кітаптан мінез көреді. Себебі Әбіш – мінез. Ол – парасат пен пайымның үлгісі. Ол – елдің еңсесін тіктеген тұлға» деді Бибігүл Жексенбай.

Кітап авторы Сауытбек Абдрахманов бұл еңбектің ерекшеліктерін айтып өтті.

«Бұл кітаптың негізгі ерекшелігі – Әбіш Кекілбайұлын философ, ойшыл, мәдениеттанушы ретінде танытатынында. Өйткені орыс тілді оқырман Әбіш Кекілбайұлының публицистикасын, сұхбаттарын оқыған емес. Сол арқылы біз Әбіш Кекілбайұлының әрі әдебиеттанушы, әрі өнертанушы, әрі публицист екенін 8 тарауда бөліп жаздық. Осы 8 тарау Әбіш Кекілбайұлының ойшылдығының 8 қырына арналған» дейді автор.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

АҚЫН ӘРІ ҒАЛЫМ МЕРЕЙІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ақын, ғалым Оңайгүл Тұржанның мерейтойына арналған «Қазақстандағы PR мен жарнама мәселесінің өзекті қырлары және даму үрдістері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияны жүргізген «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры, ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлы жиынның мақсат-міндетіне тоқталды. Мемлекет басшысының кеңесшісі, ҚР ҰҒА академигі Бауыржан Омаров мерейтой иесіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғыс хатын және «Алтын барыс» төсбелгісін тапсырып, Президент пен Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтауларын оқып берді.

«Сіз қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар туындыларыңызбен танылған ақынсыз. Шоқтығы биік шығармаларыңыз ұлт руханиятын байытуға қызмет етуде. Іргелі басылымдарда өнімді еңбек етіп, әдебиеттану мен журналистиканы зерттеуге, қазақ баспасөзін дамытуға үлес қосып келесіз. Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтай отырып, жемісті еңбегіңіз үшін алғысымды білдіремін» делінген Президент құттықтауында.

Ал Мемлекеттік кеңесші жолдаған хатында ақын, ғалымды мерейтойымен құттықтаумен қатар: «Көзі қарақты оқырман өзіңізді көрнекті ақын, ғибратты ғалым ретінде жақсы біледі. Сіз ұзақ жыл ел басылымдарында жұмыс істеп, қазақ баспасөзін дамытуға елеулі үлес қостыңыз. «Шерқала», «Теңіздер де шөлдейді», «Жыр – дала», «Ағаштар үнсіз өседі», тағы басқа жинақтарыңызбен жыршүйер қауымның ыстық ықыласына бөлендіңіз. Қазір оқытушылық қызметті табысты атқарып, білім және ғылым саласын өркендетуге атсалысып жүрсіз. Оқулықтар мен монографиялар жазып, жастарға бағыт-бағдар беріп келесіз. Сіздің еңбектеріңіз белгілі ғалымдардың лайықты бағасын алды. Махамбет Өтемісұлының шығармашылығына арналған зерттеулеріңіз – әдебиеттану ғылымының алтын қорына қосылған құнды қазына. Қажырлы еңбегіңіз үшін өзіңізге алғыс айтамыз, алдағы уақытта да жұртшылықты жаңа жырларыңызбен қуанта бересіз деп сенеміз» деген жолдармен еңбегі атап өтілген.

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтауын спикердің кеңесшісі Жасұланбек Майлыбаев, Мәжіліс пен Amanat партиясының төрағасы Ерлан Қошановтың жылы лебізін осы партияның атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек оқып берді. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов мерейтой иесін құттықтап, осы оқу орнының ең жоғары марапаты – «Күлтегін» медалімен марапаттады. Маңғыстау облысы әкімінің құттықтауын оның идеология жөніндегі орынбасары Тілеген Әбішев жеткізді.

Бауыржан Омаровтың «Оңайгүл Тұржан шығармашылығы: шынайылық пен шеберлік» атты баяндамасы мәнді, мазмұнды шықты.

Баяндама авторы «Шығармашылықтың жолына түскелі үш саланың тізгінін тең ұстады. Поэзия, ғылым және публицистика. Поэзиясы парасатты. Ғылымы ғибратты. Публицистикасы пәрменді. Яғни өлеңі өрелі, зерттеуі зерделі, мақаласы маңызды» дей келе, журналистикадағы еңбегін, ақындық алымын тарқатты. Журналист-жазушы Шархан Қазығұл поэзиясына тоқталып, белгілі ақындардың Оңайгүл Тұржанға берген бағасын еске алды. Болмысы туралы айта келе, «Оңайгүлдің бойында өркениетті өрлік бар» деген пікірін айтты.

Елтаңба авторы, белгілі сәулетші Жандарбек Мәлібеков 1992 жылы Елтаңба жобасын әзірлегенде алдымен Оңайгүл ақынға көрсеткенін айта келе, ақынға арнайы төсбелгіні тапсырды.

Назарбаев университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісмақова «Қырымның қырық бірінші батыры: Серікбол Қондыбайдың арғықазақ мифологиясын таныту» тақырыбында баяндама жасап, Оңайгүл Тұржанның қондыбайтануға қосқан үлкен үлесі жайында сөз сабақтады. М.Нәрікбаев университетінен халықаралық журналистика мектебінің қауымдастырылған профессоры Алма Сайлауқызы ақынның поэзиясындағы қоғам жаңалықтарының журналистік интерпретациясы жайлы айтты. Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Нагбду Қамарова «Оқулықтағы дәлдік пен көркемдік» тақырыбында баяндама жасады.

Түркиядан конференцияға қосылған әдебиеттанушы, аудармашы Ашур Өздемир және Испаниядан құттықтау жіберген Оңайгүл Тұржанның өлеңдерін испан тіліне аударған филолог-аудармашы Клеопатра Филлипова де Хорхе жылы лебізін айтты.

Жиын барысында Оңайгүл Тұржанның «Серікбол Қондыбайдың арғықазақ мифологиясын зерттеуде қолданған методологиясы мен логикалық тұрғыдан жобалау ерекшеліктері» атты жаңа монографиясының тұсауы кесілді. Студенттер «Тас кітаптың кеткен жоқ тас сиясы» өлеңін және «Мағжан. Сейітмағамбет. Патефон» балладасынан үзінді оқыды.

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның әншісі, республикалық байқаулардың лауреаты Зинат Қасымова және Маңғыстаудан арнайы келген Алпысбек Оңайбаев әннен шашу шашты. Конференцияны түйіндеген мерейтой иесі жиналғандарға шынайы алғысын жеткізді.

№48 (4792) 26/04/2025 Сенбі

ЖАҢА КІТАПТАР – ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Елордадағы Қазақстан Республикасының Президенттік мәдени орталығында VIII халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі аясында қаламгерлердің жаңа туындыларының тұсаукесері өтті.

Жазушылар мен оқырмандар бас қосқан тағылымды мәдени іс-шарада Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдікұлының «Тозақ оттары жымыңдайды», жазушы Әлібек Асқаровтың «Қойға шапқан қара аю», Әділбек Ыбырайымұлының «Жалғыз жолаушы», сондай-ақ ақын Серікзат Дүйсенғазының «Көктем әні» атты жаңа кітаптары көпшілік назарына ұсынылды.

Таныстырылымды аталған еңбектерді жарыққа шығарған «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Абраруұлы жүргізіп, шығармалардың көркемдік деңгейі мен мазмұндық ерекшелігіне тоқталып, жаңа туындылардың қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейтуге қосар үлесі зор екенін атап өтті.

Іс-шара соңында әдебиет пен мәдениет саласына қосқан сүбелі еңбектері үшін «Фолиант» баспасының басшысы Нұрлан Исабеков пен ақын, жазушы Дәулеткерей Кәпұлына ТҮРКСОЙ ұйымының ең жоғары дәрежелі алтын медалі салтанатты түрде табысталды. Бұл марапат – түркі әлемі әдебиетінің дамуына сіңірген еңбектің лайықты бағасы.

Көрме аясындағы мәдени бағдарлама ертеңге дейін жалғасады. Осы аралықта балалар мен ересектерге арналған кітап тұсаукесерлері, жазушылармен кездесулер, автограф-сессиялар, шығармашылық шеберлік сағаттары мен әдеби дөңгелек үстелдер өткізу жоспарланған. Халықаралық деңгейдегі көрме отандық және шетелдік баспа үйлері мен қаламгерлер арасындағы байланысты бекемдеп қана қоймай, кітап сүйер қауым үшін маңызды мәдени алаңға айналды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ӘНШІ ЗИНАТТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

«Астана» концерт залында Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қолдауымен жас әнші, Мұхит Мералыұлы атындағы байқаудың лауреаты Зинат Қасымованың «Ақ кербез» атты алғашқы жеке концерті өтті. Қоюшы режиссері, сценарий авторы – Назгүл Сарыбай.

Өнер иесі «Ақ кербез», «Құралай», «Айтжан», «Ағайша», «Ақ Жайық» және басқа да халық әндерін шырқады. Марабайдың «Сөйле дедің біздерге» термесін және Мұхиттың «Үлкен айдайын», сондай-ақ Ескендір Хасанғалиевтің, Гүлнәр Дәукенованың әндерін орындап, қошеметке бөленді.

Осы кешке арнайы келген өнер жолындағы ұстазы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Қосанова да ән шырқады. Ол: «Өнер жолында жүрген қазақ қыздарының алар асуы биік болсын. Шәкіртім Зинатқа шығармашылық табыс тілеймін!» дей келіп, қолдау көрсеткен жұртшылыққа ризашылығын білдірді.

Одан кейін Зинат республикалық байқаулардың лауреаттары Айдос Оңғарбай, Өзгеріс Шерікбай, Алуа Қалымбекова және Нұржан Мейірханмен бірге бірнеше ән орындады.

«Қорқыт» этноансамблінің (жетекшісі – Шолпан Қорғанбек) мүшелері әншіні сүйемелдеп отырды және бірнеше күй орындады. Ал «Шалқыма» халық би ансамблінің және «Әлем» заманауи би балетінің бишілері бұл кештің сәнін арттыра түсті.

Концерт соңында әнші З.Қасымова: «Мақсатым – ата-бабамыздан мұра болған дәстүрлі әндерімізді насихаттау және көп айтылмай, ұмыт бола бастаған шығармаларды репертуарыма қосып, жаңғырту. Қазақтың халық әні – рухани мол қазынамыз. Әр адам осы байлықтан азық алсын. Бала кезімде Астана төрінде өнер көрсетуді армандап едім. Бүгін соған қол жеткізгеніме өздеріңіз куә болып отырсыздар. Менің өмірім өнер үшін, ал өнерім сіздер үшін!» деп көрермендерге алғысын жеткізді. Ақ кимешек киген әже сахнаға көтеріліп, жұртшылықтың ризашылығы ретінде жас әншіге батасын берді.

Айбатыр САМИҒОЛЛАҰЛЫ

ШАХМАТ ОЙНАП, ГРАНТ ҰТТЫ

Бас қалада шахматтан «Fizmat Chess Open 2025» турнирі өтті. Қазақстанның әр өңірінен 5 пен 16 жас аралығындағы 300-ден аса оқушы қатысқан турнирді Қазақстан шахмат федерациясы, республикалық физика-математика мектебі және GMCA шахмат академиясы ұйымдастырды.

«Fizmat Chess OPEN» – жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін ауқымды турнирлердің бірі. Осымен 4 жыл қатарынан ұйымдастырылған турнирде Астана, Алматы, Талдықорған, Павлодар, Петропавл, Қарағанды және тағы басқа қалалардың шахматшылары бақ сынасты. Қатысушылардың 30-ға жуығы – қыздар. Осыған дейінгі өткен «Fizmat Chess Open» турнирлеріне Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Украина елдерінен де шахматшылар қатысқан болатын. Тартысты додадағы ең басты олжа – республикалық физика-математика мектебіне оқуға тегін грант. Осы жолы додада Әмір Төлегенов бірінші орынды иемденді. Ол 11 ойынның 10-ында ешкімге дес бермеді. Одан кейін Сүлейман Ахмет екінші, Алтынбек Құсайын үшінші орынды алды. Қыздар арасында Алима Өмірсерік үздік нәтиже көрсетті. Талдықорған қаласынан келген 13 жасар бойжеткен 6 жасынан бастап шахматпен айналысады екен.

29 СӘУІРДЕ елордалық Қазақстан халқы ассамблеясы мүшелерінің қатысуымен қалада «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» атты зияткерлік викторина ұйымдастырылады.

М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында мектеп оқушылары арасында «Шаттық» байқауының гала-концерті, Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Бірлігіміз жарасқан» ретро әндердің концерті;

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде студенттер арасында түрлі этностың қатысуымен «Би өнері – ұлттық мұра» атты ұлттық би байқауы болады.

30 СӘУІРДЕ Esil University-де студенттердің қатысуымен «Біз бір ұлтпыз» атты дөңгелек үстел, сондай-ақ «Бірлігіміз жарасқан» фестивалі;

Техникалық шығармашылық орталық тәрбиеленушілері арасында «Татулық мекені» атты жалпықалалық сурет байқауы;

№3 балалар музыка мектебінде оқушылардың «Менің елім – Қазақстан» мерекелік концерті;

№1 өнер мектебінде асфальттағы суреттер байқауы;

Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп қабырғасында дзюдодан 2013-2014 жылдары туған жасөспірімдер арасында қалалық командалық біріншілік;

№2 балалар музыка мектебінде «Бір аспан астында» концерті;

№2 өнер мектебінде 30 сәуірден 5 мамырға дейін «Бір шаңырақ астында» оқушылар жұмысының көрмесі;

«Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында «Бар береке – бірлікте» мерекелік концерті өтеді.

Елордалық Қазақстан халқы ассамблеясы мүшелерінің қатысуымен «Достық керуені» шеруі болады, әрі қарай флешмобқа жалғасады.

1 МАМЫР күні арнайы акция өтіп, жұртшылыққа бауырсақ таратылады.

М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында мерекелік концерт;

Президенттік орталықта балалар көркемсурет мектебі тәрбиеленушілерінің суреттеріне арналған көрме;

ЭКСПО халықаралық көрме орталығының аумағында «Бірлік жарысы» жаппай жүгіру іс-шарасы өтеді. Мұнда да елордалық ассамблеяның шығармашылық ұжымдарының концерті, сондай-ақ бұқаралық спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастырылады.

«Жастар» театрының алаңында, Жастар сарайында мерекелік концерт және түрлі этностың халықтық-қолданбалы өнері мен ұлттық киімдерінің этникалық көрмесі ұйымдастырылады, ал концерт бағдарламасында арнайы шақырылған жұлдыздар өнер көрсетеді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 48
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Ержан ҚОЖАС**